




Сиырлардың сүт өнімділігін қалыптастыру

Орындаған: Қожабекова
Ф

Расол У 311-

Сиырдың сүті

Сиырдың сүті бағалы тамақ өнімі және тамақ өнеркәсібінің негізгі шикізаты. Сүт және оның ауыл шаруашылық малдарының төлдерін тамақтандыруда кеңінен пайдаланылады. Сүттен тағамның ең қасиетті түрлерін май, ірімшік, құрт тағамдарын жасайды. Сапасы мен дәмі оның майлылығымен анықталады. Сиыр сүтінің құрамында су-87,5%, сүт қанты-4,7%, май-3,9%, ақуыздар-3,3%, минералды заттар-0,7%, витаминдер мен ферменттер бар. Сүттің құрамындағы ақуыздар: альбумин жас организмнің өсуі үшін, глобулин-имунитеттің қалыптасуы үшін қажет.



Сауын сиыр шаруашылығында сүт өнімінің мол және экономикалық жағынан нәтижелі болуы сиыр табынына байланысты. Осыған байланысты сиыр табынында оларды ұстау мерзімін анықтау және мезгілінде сиыр табынының жас малмен толықтырып, кәрілерін уақытында шығарудың маңызы зор. Малдың өсуі, табынның сапасы және құрамы, сондай-ақ қалыптасуына да байланысты. Сүт өнімділігі желіннің сыйымдылығымен тығыз байланысты.



Сауын неғұрлым жоғары болса
желіннің сыйымдылығы
соншалықты болады.Көптеген
асыл тұқымды сиыр
шаруашылығының тәжірибелері
бойынша жылына 8-10% кәрі
сиыр шығарылады,оның орны жас
сиырлармен толықтырылады,
осындай жағдайда сиыр табының
асылдандыру өте қиын,себебі
табында сүтті аз беретін сиырлар
қалуы мүмкін.Мұндай жағдайда
сиырлар тек шығу тегі арқылы
сұрыпталады.





Өнім бағыты және даму түрі

Қазіргі уақытта малды жаңа технологиялық әдіспен бағып күтуде және оларды сүт кешендерінде жаңа тәсілмен азықтандырып, одан әрі асылдандыруда, олардың біркелкі болуы қажет. Сүтті сиырлардың стандарты, типі дене пішіні өлшемдері, тірілей салмағы, өнімі, сауу машинасымен сауғанда сауылу жылдамдығы, сиыр желінінің сауу машинасына бейімділігі бірдей болған жөн. Сүт кешендеріндегі сиырдың сырт пішінін, еттілігі, сүйегінің беріктігі, аяқтары жақсы жетілмесе, жаңа өндірістік технологиялық сүт өндіру тәсіліне сәйкес келмейді. Сондықтан, сүтті сиыр тұқымын жаңа өндірістік технологиялық жолмен өсіру үшін-біріншіден: сырт пішіні жалпақтау және конституциясы мықты болу керек, екіншіден: малға жем-шөпті көп беріп одан алынатын сүт өнімін молайту керек, үшіншіден: организімі әр түрлі ауруларға қарсы тұра алатын төл алған жөн, төртіншіден: сиыр машинамен саууға жыне механикаландырылған қоражайға бейім болуы керек, бесіншіден: стандарт көрсеткіштері, дене өлшемі, тірілей салмағы.

СИЫРЛАРДЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ

Сүт өнімділігі желіннің сыйымдылығымен тығыз байланысты. Сауын неғұрлым жоғары болса желіннің сыйымдылығы соншалықты болады, немесе керісінше. Сауымның еселілігі ұлғайтылғанда, оның деңгейіне байланысты сиырлардың сүт өнімділігі 5-20%-ке өседі. сауын 2000 кг-ға дейін болғанда, екі еселіктен үш еселікке ауысу оны одан әрі жоғарылатпайды. Сауым 3000 кг болғанда сиырларды екі еселіктен үш еселікке ауыстыру оны шамамен 8%-ке ұлғайтуға мүмкіндік береді, ал 4000 кг және одан жоғары сауымда 12%-ке. Жалпы алғанда түрлі тұқымдардың, сүтті жануарлар табыны екі еселеп саудада рекордты сауын береді.



СҮТТІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

СҮТТІҢ МАЙЛЫЛЫҒЫ - МАЛДЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІСІ. СҮТТІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ МАЙДЫҢ ҰЛҒАЙУЫНАН ӨНІМНІҢ ҚОРЕКТІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЛАЙДЫ, ӨЗІНДІК ҚҰНЫ ТӨМЕНДЕЙДІ, СҮТ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ АРЗАНДАЙДЫ. ӘР ТҰҚЫМҒА ЖАТАТЫН СИЫРДЫҢ СҮТІНІҢ МАЙЛЫЛЫҒЫ 2,5-10,5% МӨЛШЕРДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ АУЫТҚИДЫ. СҮТТІҢ МАЙЛЫЛЫҒЫНЫҢ КӨЛЕМІН БІЛДІРЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР БОЛЫП ЖАНУАРЛАРДЫҢ ТҰҚЫМ ҚУАЛАУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЕСЕПТЕЛЕДІ. ӘРБІР ТҰҚЫМ, ОҒАН ТӘН СҮТІНІҢ МАЙЛЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СИПАТТАЛАДЫ





Малдың жасы. Сүт өніміне бірден-бір ықпал ететін әсерлердің бірі малдың жасы. Бүкіл организмнің жалпы дамуы мен өсуіне байланысты, әсіресе сүт безі өсе түседі. Сүт өнімділігі жас ерекшеліктің жалпы заңдылығына байланысты, сауылым сүт белгілі-бір максималға дейін біркелкі өседі, сонан кейін ақырындап азая береді. Біздің елімізде өсірілетін сиыр тұқымының максималды сауылым сүті 4-6 сүт түзілуінде (лактацияда) байқалады. 1-і сүт түзілуден максималды (ең жоғарғы) сауылым сүтке дейінгі өнімділік мөлшермен 40-50%-ке өседі. Сауылым сүттін жасерекшелік өзгерісі малдың тұқымының ерекшелігіне, оның азықтануына, күтіп-бағылуына және т.б. байланысты.

СИЫРДЫҢ ТІРІ САЛМАҒЫ.

МАЛДЫҢ ЖАЛПЫ ДАМУЫН КӨРСЕТЕТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ СҮТ ӨНІМІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТЕТІН КӨРСЕТКІШ БОЛЫП МАЛДЫҢ ТІРІ САЛМАҒЫНЫҢ КӨЛЕМІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӘР ТҰҚЫМДА, ӘР ТАБЫННЫҢ ІШІНДЕ ТАБЫНДАҒЫ ОРТАШАМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЖАҚСЫ ӨНІМ БЕРЕТІН МАЛДЫҢ БӨЛІГІ, СОҒАН СӘЙКЕС ҮЛКЕН ТІРІ САЛМАҒЫ БОЛАДЫ. ТҰҚЫМ ІШІНДЕГІ ЖАҚСЫ САУЫН БЕРЕТІН РЕКОРДИСТЕРДІҢ, СОҒАН СӘЙКЕС ӨТЕ ЖОҒАРЫ ТІРІ САЛМАҒЫ БОЛАДЫ. ЭКСТРЬЕРЛІ, КОНСТИТУЦИЯЛЫ СҮТ БАҒЫТЫНДАҒЫ СИЫРЛАРДА ЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ СИЫРЛАРҒА ҚАРАҒАНДА ДЕНЕ САЛМАҒЫМЕН САУЫН СҮТ АРАСЫНДАҒЫ КОРРЕЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ. БІРАҚТА ӨТЕ ІРІ МАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ ДА ЖОҒАРЫ СҮТ ӨНІМІН БЕРЕДІ ДЕП АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ. ӘРБІР ТҰҚЫМҒА БЕЛГІЛІ БІР ОПТИМУМ ТАҒАЙЫНДАЛҒАНДАРЫ БАР, ТІРІ САЛМАҒЫ МЕН СҮТ ӨНІМІНІҢ КЕЛІСІМДІЛІГІ, ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ, СИЫРДЫҢ ТІРІ САЛМАҒЫНЫҢ ҮЛКЕЮІ, ОЛАРДЫҢ СҮТ ӨНІМІНІҢ ЖОҒАРЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



БУАЗДЫЛЫҚ. СИЫРДЫҢ СҮТ ӨНІМІНЕ СИЫРДЫҢ ЖЕЛІНІНДЕГІ СҮТ БЕЗІНІҢ СЕКРЕТТІК ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘСЕРІ ТИЕДІ. ОНЫҢ ӨСУІ, ДАМУЫ ҚАЛЫПТАСУЫ БАРЛЫҚ СҮТ ҚОРЕКТІЛЕРДЕГІ СИЯҚТЫ ОЛАРДЫҢ БУАЗДЫЛЫҒЫ МЕН ТӨЛДЕУ ПРОЦЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. МҰНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ӘРТҮРЛІ ЭНДОКРИНДІК БЕЗДЕРДІҢ ҚЫЗЫМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ (ӘСІРЕСЕ ГИПОФИЗ, ЖҰМЫРТҚА БЕЗІ) БОЛАТЫН ГУМОРАЛЬДІК НЕГІЗГЕ СҮЙЕНЕДІ.

Суалу кезеңінің ұзақтылығы. Осы кезеңдерде жануарлар сауын маусымынан келесі кезеңіне дайындала бастайды: желіннің бездік аппаратының жаңартылуы және дамуы және жануардың денесінде ұрықтың аналықтың жатырында жақсы дамуына әсер ететін қоректік, минералдық заттардың қорының қалыптасуы жүреді. Суалу кезеңінің жақсы өткізілуі сиырлардың бұзаулағаннан кейін өнім беруін жоғарлатады деген мәліметтер де бар.

Суалу кезеңінің 60-70 күнге созылуы қалыпты деп есептеледі. Суалу кезеңінің ұзаққа созуды жас және өнімділігі жоғары сиырларға қолдану керек. Суалу кезеңін қосымша сүт өнімін алу үшін қысқарту, көбіне келеңсіз жағдайлар тудырады.





Download from
Dreamstime.com

This watermarked comp image is for previewing purposes only.



ID 3374976



Dmitry Kosterev | Dreamstime.com